

# Өлкенің дарабоз дарыны

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен 23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне арналған қазақтың көрнекті жазушысы, белгілі қоғам қайраткері Қоғабай Сәрсекеевтің туғанына 80 жыл толуына орай «Өлкенің дарабоз дарыны» атты кеш – портрет өтті.

Жиын барысында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің өмірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтер баяндалды.

Іс – шарамызға арнайы шақырылған құрметті қонақтары болып ардагер, қаламыздың құрметті азаматы Орекен Алматыев, еңбек ардагері Рақымжан Бектұрғанов, оюшы, өлкетанушы, Арқалық қаласының құрметті азаматы Шөптібай Байділдин, АрқМПИ филология

факультетінің оқытушысы Ардақ Абдуллина, ақын ағамыздың інісі Қуанышбек Шойбасов және жерлесі, замандасы Қапеш Алиев аға қатысып, Қоғабай ағамыз жайлы өз – ойларын ортаға салып, көптеген мәнді, мағыналы мәліметтер мен ақын ағамызбен бірге өткізген естеліктерге толы әңгімелерін паш етіп, кітапхана ұжымына алғыстарын жаудырды.

Сонымен қатар қаламыздағы көпсалалы колледжінің III – курс студенті Ерасыл Өмірзақов Әбжан Әбілтай ағамыздың «Мен оны өлмейтіндей көруші едім» атты арнауын оқып, жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің «Қызыл жалғаз» шығармасына зертеу жұмысына талдау жасады. Сондай – ақ «Өлкенің дарабоз дарыны» атты кітап көрме ұйымдастырылып шолу жасалынды.

Іс – шара соңында кітапханамыздың абонемент бөлімінің меңгерушісі Назира Нұрсұлтанқызы қорытындылады. Кеш – портретке қатысушылар өздеріне рухани байлық алып, жазушы Қоғабай Сәрсекеев жайлы көптеген деректермен таныс болды.

**Сымбат МҰРАТҚЫЗЫ,**  
о№2 ОҒӘК  
қызметкері.